

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

10.04.2025ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: э.ғ.к. А.Сапарова, PhD А.Құралбаев, М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, вғв оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудиторы З.Бегімбетов, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БКҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; білімгерлер өкілдері 6B04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6B04144-Қаржы ББ білімгері Орынбек Зарина, 6B04140-Менеджмент БББ білімгері Медетова Іңкәр, 7M04141-Қаржы ББ магистранты Досанов Бақдаulet, 7M04120-Есеп және аудит білімгері Байдуллақызы Ақмарал. 7M04121 –Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ білімгері Али Нурилла, 7M04119 –Менеджмент ББ білімгері Расулова Бану, 8D04114- Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ докторанты Көлбаева Әйгерім.

Күн тәртібі;

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау
2. Жаңартылған ББ реестрге енгізу туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АҚ төрайымы М.Оспанкулова: сөз алды. Педагогика ғылымы кез-келген бейіндегі мамандарды даярлау сапасы, ең алдымен, білім беру процесінің үш негізгі түйінінің негізділік дәрежесіне байланысты екенін дәлелдеді: оқыту мақсаты (**не үшін оқыту керек**), оқыту мазмұны (**нені оқыту керек**) және оқу процесін ұйымдастыру принциптері (**қалай оқыту керек**)

Осылайша, біз "сапаны" келесідей қарастырамыз:

Сапа-бұл стейкхолдерлердің білім беру қызметтерінің нәтижелеріне қанағаттануы;

Сапа-бұл жоғары оқу орнынан кейінгі МЖМБС білім беру бағдарламаларының сәйкестігі білім беру, кәсіптік стандарттар, Болон процесі және стандарттар аккредиттеу агенттіктері.

Экономика, қаржы және есеп, Менеджмент кафедраларында сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерін ұйымдастыру нәтижелерін талқылау осы рәсімдердің тиімділігін бағалауды, проблемалар мен перспективаларды анықтауды, сондай-ақ жүйені жетілдіру бойынша одан әрі қадамдар жоспарын әзірлеуді қамтуы тиіс. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету кафедраның қызметін сыртқы сарапшылар немесе ұйымдар тарапынан тәуелсіз бағалауға бағытталғанын ескеру маңызды, бұл күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ жақсарту бойынша ұсыныстар беруге көмектеседі.

Бағдарламаның білім беру мақсаттарына, білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін айқындайтын аккредиттелетін білім беру бағдарламасын жетілдіру

мақсатында іске асырылатын білім беру бағдарламасының сапасына келесі сыртқы бағалауды күтпей, тұрақты негізде мониторинг және бағалау жүргізі ұсынылады.

Аккредиттелген ББ-лар бойынша бітіруші кафедралардың ПОҚ ға ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін ОӘК әзірлеген ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізу бойынша жұмысты жандандыру ұсынылады.

Шешім:

1. АҚ төрағасы М.Оспанкулованың ақпараты есепке алынсын.
2. Аккредиттеу нәтижесі негізінде әр ББ-ға қатысты 20205-2026 оқу жылына түзету әрекеттерінің жоспары жасалсын..

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **АҚ мүшесі Л.Тайжанов сөз алып, 6B04142- Экономика** білім беру бағдарламаларын жаңарту мәліметтерімен таныстырды.

- БП циклі ЖК-не 1.Эконометрикалық талдау , 2.Бухгалтерлік есеп пәндері жаңадан қосылды.;

- кейбір пәндердің кредиттері өзгертілді -- БП циклі ЖК 1.Экономикалық ілімдер тарихы-3 кредиттен 5 кредитке, 2.Экономикалық теория -5 кредиттен 6 кредитке

- келесі пәндер ББ дан алынып тасталды - БП циклі ЖК-не 1. Экономикадағы математика, 2.Өндірісті ұйымдастыру;

-орнын ауыстырылған пәндер -Қаржылық сауаттылық БП циклі ЖК-дан ТК-не

АҚ мүшесі А.Асанова сөз алып 6B04143-Есеп және аудит білім беру бағдарламасын жаңарту мәліметтерімен таныстырды:

-жаңадан қосылған пәндер - АССА (Кәсіби дипломдалған сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығы) сәйкес ЖБП ТК-не 1.Корпоративтік құқық БП ТК-не, 2.Шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық ресурстары, 3. ЖОО сәйкес 3.Жасанды интеллект негіздері

-кейбір пәндердің кредиттері өзгертілді - БП циклі МК 1.Экономикалық теория -3 кредиттен 5 кредитке , 2.Бухгалтерлік есепке кіріспе -5 кредиттен 6 кредитке, 3.Статистика -3 кредиттен 6 кредитке ;

-келесі пәндер алынып тасталды - Экономикадағы математика 2. Экономиканы мемлекеттік реттеу 3.Корпоративтік қаржы

АҚ мүшесі А.Сапарова сөз алып 6B04144-Қаржы білім беру бағдарламасына жаңарту мәліметтерімен таныстырды:


-келесі пәндердің кредиттері өзгертілді -1.Қаржы I 5 кредит - Қаржы теориясы 6 кредит , 2.Бухгалтерлік есеп және аудит 4 кредит - Бухгалтерлік есеп 5 кредит, **БП циклі МК** 1.Экономикалық теория -3 кредиттен 5 кредитке, 2.Қаржы институттары және нарықтар - 5 кредиттен 6 кредитке, 3.Статистика -3 кредиттен 6 кредитке

-келесі пәндер алынып тасталды. 1.Экономикадағы математика, 2.Экономиканы мемлекеттік реттеу;

-келесі пәндердің семестрі, кредит және атауы өзгертілді. БП циклі ТК 1..Қаржы II 5 кредит 6 семестр – 6 кредит 8 семестр, 2. Қаржылық эконометрика 6 кредит 8 семестр – 5 кредит 6 семестр

Шешім; АҚ мүшелерінің ақпараты есепке алынсын. Өзгертулермен ББ-лар реестрге енгізілсін.

АҚ төрағасы
Хатшы



М.Оспанкулова
А.Сапарова